

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 10 қаңтардағы № 274-В ҚРЗ.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы және оның мақсаты

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы (бұдан әрі – Ұлттық ұлан) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғыштықтардан қорғауға арналған.

2. Ұлттық ұлан өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оның қызметіне араласуға тыйым салынады.

3. Ұлттық ұланның туы және рәмізі болады. Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылықтарының, құрамаларының, әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орнының белгіленген үлгідегі жауынгерлік жалаулары болады.

Ұлттық ұланның туы мен рәмізінің, өнірлік қолбасшылықтардың, құрамалар мен әскери бөлімдердің, жоғары әскери оқу орнының жауынгерлік жалауларының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2-бап. Ұлттық ұлан қызметінің құқықтық негізі

1. Ұлттық ұлан қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң және өзге де нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Ұлттық ұлан қызметінің қағидаттары

Ұлттық ұланның қызметі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет қағидаттары, сондай-ақ:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мудделерін құқыққа қарсы қолсұғыштықтардан қорғаудың міндеттілігі;

- 2) Ұлттық ұлан қатарында қызметті ұйымдастырудың көзқарастардың біртұастығы;
- 3) дара басшылық пен дәреже сатысы (бағыныстырылыш);
- 4) саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу негізінде жүзеге асырылады.

2-тaraу. ҰЛТТЫҚ ҰЛАННЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

4-бап. Ұлттық ұланның міндеттері

1. Ұлттық ұланға мынадай міндеттер жүктеледі:
 - 1) маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктөрді күзету;
 - 2) ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті қорғауға, жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдай мен соғыс жағдайының, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимдерін қамтамасыз етуге қатысу, осы операцияға, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарларын жою жөніндегі іс-шараларға қатысу;
 - 3) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, толық қауіпсіз мекемелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзету;
 - 4) Ұлттық ұлан күзеттің қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың мінез-құлқын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
 - 5) сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүру;
 - 6) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;
 - 7) Қазақстан Республикасының аумағында қарулы қылмыскерлерді залалсыздандыру, заңсыз әскерилендірілген немесе қаруланған құралымдар (топтар), үйымдастқан қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) әрекетін тоқтату жөніндегі арнайы операцияларға қатысу;
 - 8) ауыр және аса ауыр қылмыстардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесуге қатысу және тайталасуши тараптарды ажырату;
 - 9) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау.
2. Ұлттық ұланға өзге де міндеттер Қазақстан Республикасының зандарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктеледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-бап. Ұлттық ұланның өкілеттіктері

1. Ұлттық ұлан өз құзыреті шегінде:
 - 1) адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғыштықтардан қорғауға;
 - 2) маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктөрді күзетуді қамтамасыз етуге;
 - 3) патрулдік-бекеттік қызмет атқару арқылы, оның ішінде көпшілік іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысуға;
 - 4) қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары, төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі аралас мекемелерін күзетуді қамтамасыз етуге, олардың әкімшілігінің басшылығымен сottалғандарды бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға, сottалғандар мен күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүргүре;
- 5) алып тасталды – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 6) жаппай тәртіпсіздіктердің, топтасып бағынбаушылықтардың жолын кесуге және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі іс-шараларға қатысуға;
- 7) терроризмге қарсы операциялар мен күзет іс-шараларын жүргізуге қатысуға;
- 8) зансыз әскерилендірілген немесе қаруланған құралымдар (топтар), террористік үйімдар, ұйымдастық қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) әрекетінің жолын кесу жөніндегі, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды босату жөніндегі арнайы операцияларға қатысуға;
- 9) алып тасталды – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше және соғыс жағдайының құқықтық режимдерін қамтамасыз етуге қатысуға;
- 11) соғыс (ұрыс) қымылдарын жүргізуге, төтенше және соғыс жағдайы ахуалында, сондай-ақ қарулы жанжал ахуалында міндеттерді орындауға;
- 12) ерекше маңызды мемлекеттік объектілерді қоспағанда, табиғи және техногендік сипаттағы, оның ішінде Ұлттық ұланның күзетілетін объектілеріндегі төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жоюға қатысуға;
- 13) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жою аймағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге және карантиндер кезіндегі режимдік-шектеу іс-шараларына қатысуға;
- 14) алып тасталды – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының бірлескен шешімдерінде айқындалатын тәртіппен шекаралық іздестірулерге және операцияларға қатысуға құқылы;

16) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде күзеттен және қадағалаудан, айдауылмен алып жүру кезінде әскери қарауылдардан қашып кеткен адамдарды іздестіруге қатысуға;

17) мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына жете тексеру жүргізуге;

18) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардан оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімімен жүктелген міндеттерді орындауын талап етуге;

19) төтенше жағдайлар, төтенше және соғыс жағдайының режимдерін енгізу ахуалында Ұлттық ұланға осы Занда жүктелген міндеттер мұддесінде жауынгерлік қамтамасыз ету іс-шараларын жүзеге асыруға;

20) Ұлттық ұланның құрылышы және оны дамыту жоспарларын әзірлеуге және іске асыруға, сондай-ақ оның ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіруге;

21) Қарулы Күштерді қолдану жоспарын әзірлеуге және Қарулы Күштермен бірлескен әрекеттерге дайындықты ұйымдастыруға Ұлттық ұланның құзыреті шегінде қатысуға;

22) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына байланысты Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің және олардың отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына,abyroйына, қадір-қасиеті мен мұлкіне қолсұғушылықтардан олардың жеке басының қауіпсіздігін белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге;

23) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін және олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғауды белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға, Ұлттық ұланда санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыруға ;

24) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Ұлттық ұланға қатысты бөлігінде іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындауға;

25) Ұлттық ұланның қызметі процесінде қалыптасатын, тұрақты сақталатын құжаттардың және өзге де құжаттық материалдардың жинақталуын (жинақталуын), сақталуын, есепке алынуын қамтамасыз етуге;

26) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және құпиялышық режимінің сақталуын ведомстволық бақылауды қамтамасыз етуге;

27) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге;

28) қару-жарактың, әскери және арнайы техниканың, арнайы құралдардың және Ұлттық ұлан пайдаланатын өзге де мүліктің пайдаланылуы мен жөнделуін ұйымдастыруға;

29) Ұлттық ұланның көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың мемлекеттік тіркелуін және оларға міндettі техникалық қарап-тексеру жүргізуін жүзеге асыруға;

30) Ұлттық ұланның әскери бөлімдері мен бөлімшелерін жайластыруды, әскери обьектілерін салуды және реконструкциялауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін және олардың отбасы мүшелерін тұрғын алаңмен қамтамасыз етуді жақсарту бойынша шаралар қолдануға;

31) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндettтерді жүзеге асыруға міндettі.

2. Ұлттық ұланның өз құзыреті шегінде:

1) азаматтардан және лауазымды адамдардан қоғамдық тәртіпті сақтауды, Ұлттық ұланның өкілеттіктерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін құқық бұзушылықтарды және әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, ал бұл талаптар орындалмаған жағдайда, осы Занда көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

2) қылмыстық немесе өзге де құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген кезде жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге;

3) анықтау және алдын ала тергеу органдарының өкілдері келгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қолдануға;

4) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған немесе оларды жасауға оқталған адамдарды не олардың жеке басын анықтау мақсатында ұстап алуға және ішкі істер органдарына жеткізуге;

5) сотталғандарды және құзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүру үшін қабылдан алу кезінде және оларды іздестіру барысында ұстап алғаннан кейін олардың жеке басына жете тексеру жүргізуге;

6) Ұлттық ұлан құзеттің қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға, оларда ұсталатын адамдардан өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және соттың үкімімен жүктелген міндettтерді орындауын талап етуге;

7) әкімшілік немесе қылмыстық заңнаманы қолдануға жататын іс-әрекеттер жасаған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің Ұлттық ұлан құзеттің мекемесіне іргелес аумақта ұстап алуға және оларды ішкі істер органдарына жеткізуге, олардың жеке басын жете тексеруді жүзеге асыруға;

8) қылмыстық-атқару жүйесінің Ұлттық ұлан құзеттің мекемесінің аумағында және оған іргелес, режимдік талаптар белгіленген аумақта жүрген адамдарға, олардың

заттарына, көлік құралдарына жете тексеру жүргізуге, сондай-ақ мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген, тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға;

9) ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде көлік құралдарының жүрісін уақытша шектеуге немесе оған тыйым салуға, қылмыстық-атқару жүйесінің Ұлттық ұлан қүзететін мекемесінің аумағына және оған іргелес аумаққа азаматтарды кіргізбеуге немесе оларға сол жерде қалуды не сол жерден кетуді міндеттеуге;

10) қоғамдық тәртіпті бұзған әскери қызметшілерді ұстап алуға және оларды осы елді мекенде әскери полиция органдары болмаған жағдайларда әскери коменданттарға немесе әскери бөлімдердің командирлеріне тапсыруға;

11) көшпелі сот отырыстарына айдауылмен алып жүретін адамдарды және қашып кетіп ұстап алынған сотталғандарды немесе қүзетпен ұсталатын адамдарды қүзетпен ұстau орындарына және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне уақытша орналастыру үшін тапсыруға;

12) қүзет іс-шаралары, көпшілік іс-шаралар өткізілетін орындарға шығу (кіру) кезінде жеке тұлғаларға, олардың заттарына, көлік құралдарына және тасымалданатын жүктөрge, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып, жете тексеру жүргізуге, іс-шаралар өткізілетін орындарға тыйым салынған нәрселері мен заттары бар адамдарды және көлік құралдарын жібермеуге;

13) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысуға;

14) терроризмге қарсы операцияға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу кезінде "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдануға;

15) Ұлттық ұлан қүзететін объектілерге және коммуникацияларға, арнайы жүктөрge, қоймаларға, әскери базаларға, Ұлттық ұланның әскери басқару органдарына, Ұлттық ұланның құрамалары, әскери бөлімдері (бөлімшелері), жоғары әскери оқу орны, сондай-ақ олардың объектілері тұрақты немесе уақытша орналасқан аумақтарға, техникасы мен өзге де мүлкіне (бұдан әрі – Ұлттық ұлан қүзететін объектілер) қол сұққан адамдарды үш сағатқа дейінгі мерзімге ұстап алуға және ішкі істер органдарына тапсырғанға дейін Ұлттық ұланның қызметтік үй-жайларында ұстauға, көрсетілген адамдардың жеке басына жете тексеру, олардың көлік құралдарына және заттарына жете тексеру жүргізуге, көрсетілген адамдардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құжаттарды және нәрселерді алып қоюға;

16) Ұлттық ұлан қүзететін объектілерде белгіленген қағидаларды бұзған көлік құралдарына, жүзу құралдарына (кемелерге) жете тексеру жүргізуге;

17) Ұлттық ұлан қүзететін объектілердің қызметкерлерін және көрсетілген объектілерге келетін азаматтардың жеке басына жете тексеру, сондай-ақ олардың

заттары мен көлік құралдарына, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып жете тексеру жүргізуге;

18) жеке тұлғалардың қауіпсіздігіне нақты қатер төнген кезде не ол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп пайымдауға жеткілікті деректер болған кезде, төтенше жағдайлар кезінде жеке тұлғалардың жеке қауіпсіздігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрғын және өзге де үй-жайларға, аумақтарға және жер участеклеріне (шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық иммунитеті бар өкілдіктерінен басқа) кедергісіз кіруге, оларды қарап тексеруге;

19) егер жеке тұлғалардың тұрғынжайларда, жергілікті жердің белгілі бір участеклерінде болуы адам өмірі мен денсаулығына, меншік объектілеріне қатер төндіретін болса, ұйымдардың жұмысын бұзатын болса, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісіне кедергі келтіретін болса, сондай-ақ жедел-іздестіру іс-шараларын, тергеу әрекеттері мен көпшілік іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету жағдайларында олардың сол жерлерге кіруін немесе сонда болуын шектеуге, оған уақытша тыйым салуға;

20) қашып кетіп ұстап алынған сотталғандардың немесе құзетпен ұсталатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген (айып тағылған) адамдардың ізіне тұсу үшін, егер қалыптасқан жағдай адамдардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төндіретін болса, меншік иелеріне материалдық залалды өтей отырып, ұйымдарға тиесілі байланыс құралдарын, көлік құралдарын (шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық иммунитеті бар өкілдіктерінің байланыс құралдарынан, көлік құралдарынан басқа) немесе азаматтардың көлік құралдарын олардың келісуімен кедергісіз пайдалануға;

20-1) Ұлттық ұланға жүктелген міндеттерді орындау мақсатында пилотсыз әуе кемелерін пайдалануға;

21) құзетілетін аумакқа құқыққа қарсы тәсілмен кірген немесе ол жерден кетіп қалған адамдардың ізіне тұсу, құзетпен ұсталатын адамдарды және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген (айып тағылған) адамдарды іздестіру, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың және өзге де қоғамға қарсы әрекеттердің жолын кесу кезінде, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде жергілікті жердің аудандарын, жекелеген құрылыштарды және объектілерді қоршауды (бөгет қоюды), қажет болған кезде жеке тұлғаларға, олардың заттарына, көлік құралдарына және тасымалданатын жүктөрдеге, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып, жете тексеруді жүзеге асыруға;

22) төтенше жағдайлар кезінде азаматтардың өмірін, денсаулығын және мүлкін қорғау мақсатында көшелерде және жолдарда көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісіне уақытша тыйым салуға немесе оны шектеуге, оларды жете тексеруді жүзеге асыруға;

23) қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ өзге де тыйым салынған нәрселер мен заттарды алып қоюға;

24) занда тиісті ақпаратты алудың өзгеше тәртібі белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардан Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің пайдалануы үшін қажетті ақпаратты және материалдарды өтеусіз және Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алуға;

25) коменданттық сағат аяқталғанға дейін оның режимін бұзған азаматтарды, ал өзімен бірге өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын анықтағанға дейін, бірақ Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мерзімнен аспайтын мерзімге ұстап алуға;

26) алып тасталды – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27) шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және халықаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

28) Ұлттық ұлан қызметінің мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізуге;

29) Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қызметтік міндеттерін орындау кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ жеке және занды тұлғалардың занды мүдделерін бұзған жағдайда, Ұлттық ұлан бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлілердің Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылықта тартылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-тaraу. ҰЛТТЫҚ ҰЛАННЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТАРЫ

6-бап. Ұлттық ұланның құрамы

1. Ұлттық ұлан:

1) Ұлттық ұланның әскери басқару органдарынан;

- 2) жедел мақсаттағы құрамалар мен әскери бөлімдерден;
- 3) маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктөрді күзету жөніндегі арнайы әскери бөлімдерден;
- 4) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзету және айдауылмен алып журу жөніндегі құрамалар мен әскери бөлімдерден;
- 5) арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдерден;
- 6) алып тасталды – КР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 7) Ұлттық ұланның әскери полиция органдарынан;
- 8) Ұлттық ұланның жоғары әскери оқу орнынан;
- 9) Ұлттық ұланның қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдерден (оқу-жаттығу, байланыс, тылдық, медициналық, техникалық қамтамасыз ету және басқалар);
- 10) авиациялық бөлімдерден;
- 11) арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерден (бөлімшелерден) тұрады.

2. Ұлттық ұланның Комитет құқығындағы Бас қолбасшылығы Ұлттық ұланды әскери басқарудың жедел-стратегиялық органы болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы басқарады.

3. Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілі бір аумақта өз қызметін жүзеге асыратын әскери басқарудың жедел-аумақтық органы болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысына тікелей бағынатын құрамалар мен әскери бөлімдерді қоспағанда, құрамалар мен әскери бөлімдер Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылықтарының құрамына кіреді.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

7-бап. Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы

Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы:

- 1) жедел-стратегиялық жоспарлауды, Ұлттық ұланның қолданылуын және қызметтік-жауынгерлік және күнделікті іс-қимылын басқаруды жүзеге асырады;
- 2) Ұлттық ұланның жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін сақтау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізеді;
- 3) қоғамдық тәртіпті қорғауды, маңызды мемлекеттік объектілерді, арнайы жүктөрді, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзетуді және оларда қадағалауды

жүзеге асыруды, күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүруді ұйымдастырады;

4) Ұлттық ұланның Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерімен, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен өзара іс-қимылын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) Ұлттық ұланның құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерін қолдану жоспарын, қорғаныс мақсатында Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау жоспарын, Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіп кешенін қаруландырудың, дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге, аумактық қорғаныс міндеттерін жоспарлауға және орындауға қатысады;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуде жәрдем көрсету жөніндегі шараларды әзірлейді;

7) қарулы жанжалдар, төтенше жағдайлар ахуалында қызметтік-жауынгерлік міндеттерді, сондай-ақ төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге, терроризмге қарсы қуреске қатысуға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді орындастырып Ұлттық ұланды басқаруды қамтамасыз етеді;

8) Ұлттық ұланның әскерлерін инспекциялауды жүзеге асырады;

9) Ұлттық ұланның құзыреті шегінде мемлекеттік нысаналы бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады;

10) өз құзыреті шегінде Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-қимылы мәселелері бойынша ведомстволық құқықтық актілер шығарады және олардың орындалуын бақылайды;

11) Ұлттық ұланның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға қатысады ;

12) Ұлттық ұланда зандылық пен құқық тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналдың әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етеді;

13) Ұлттық ұланды мерзімді қызметтегі, келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтауды және азаматтық персоналды қабылдауды ұйымдастырады және жүргізеді;

14) Ұлттық ұлан үшін, оның ішінде шетелде халықаралық шарттар негізінде кадрлар даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды, әскери атақтар беруді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің қарауына номенклатураға сәйкес лауазымға тағайындау және әскери атақтар беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

15) Ұлттық ұланды қару-жарақтың, әскери техниканың қажетті түрлерімен, оқ-дәрілермен және басқа да материалдық құралдармен қамтамасыз етуді ағымдағы және перспективалық жоспарлауды, оларды пайдалануды, олардың сақталуын, есепке алынуын, есептен шығарылуын және кәдеге жаратылуын ұйымдастырады, сондай-ақ бейбіт уақытта Ұлттық ұланды жұмылдыра өрістету үшін осы құралдар запасының жинақталуы мен орналастырылуын жоспарлайды;

16) әскери қызметшілер мен жеке құрамның моральдық-психологиялық және жауынгерлік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-қимылын моральдық-психологиялық қамтамасыз ету және әскери қызмет қауіпсіздігінің қажетті жағдайларын қамтамасыз ету бойынша тәрбие жұмысы мен әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастырады;

17) Ұлттық ұланның құрылышы және оны дамыту, оның ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

18) Ұлттық ұланды құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, Ұлттық ұланның мұдделерін сотта, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды үйлестіреді және қамтамасыз етеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің, әскери қызметтен босатылған азаматтардың және олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған профилактикалық, емдеу, сауықтыру және оңалту іс-шаралары кешенін жүзеге асырады;

20) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Ұлттық ұланға қатысты бөлігінде іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырады;

21) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ұлттық ұлан бөлімдерінің күзетуіне жататын маңызды мемлекеттік объектілер мен коммуникациялардың, арнайы жүктөрдің тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар дайындайды;

22) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін жайластыруды, Ұлттық ұлан объектілерінің күрделі құрылышын ұйымдастырады;

23) мыналарды:

Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы туралы ережені;

Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының, жоғары әскери оқу орнының штатын, әскери қызметшілер жүктемесінің нормативтерін, штаттық нормативтерді, Ұлттық ұландағы лауазымдар номенклатурасын;

Ұлттық ұланның міндеттерін орындау жөніндегі нұсқаулығын;

Ұлттық ұланның әскери-дәрігерлік комиссиясы туралы ережені;

Ұлттық ұланның кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары әскери оқу орнина қабылдау қағидаларын;

Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын;

Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне сыйыптық біліктілік беру, оны жоғарылату, растау, төмендету және сақтау тәртібін;

Ұлттық ұланда әскери қызмет өткеру нұсқаулығын;

Ұлттық ұланда әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу жөніндегі қағидаларды әзірлейді.

8-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы

Ескерту. 8-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Ұлттық ұланды Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындастын және лауазымнан босататын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы басқарады.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы:

1) Ұлттық ұланның ұдайы жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін сақтап отырады;

2) әскерлердің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылына, жедел және жауынгерлік даярлығына, озық тәжірибелі енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық жасайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскерлерді мерзімді қызметтегі, келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтау, олардың запасқа шығарылуын ұйымдастыру жоспарларын бекітеді;

4) өз құзыреті шегінде бүйрықтар, директивалар және өзге де құқықтық актілер шығарады;

5) Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) белгіленген адам саны шегінде Ұлттық ұланның әскери басқару органдарының, қурамаларының, әскери бөлімдері мен жоғары әскери оқу орнының құрылымдары мен штаттарын бекітеді;

7) қарулы жанжалдар, төтенше жағдайлар ахуалында күштер мен құралдардың құрамын, сондай-ақ төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге, терроризмге қарсы күреске қатысуға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді айқындауды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне және азаматтық персоналyna тәртіптік жазалар қолданады;

9) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін және азаматтық персоналын көтермелейді, оның ішінде ведомстволық наградалармен наградтайды;

10) Ұлттық ұланды қаруландыруға әскери және өзге де техника мен басқа да мүлікті қабылданап алуды қамтамасыз етеді, жарамсыз күйге жеткен немесе жоғалған

материалдық құндылықтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептен шығарады;

11) өз орынбасарларына, Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылықтары әскерлерінің қолбасшыларына, құрамаларының және әскери бөлімдерінің командирлеріне, жоғары әскери оқу орнының бастығына өкілеттік береді;

12) Ұлттық ұланда сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады;

13) Ішкі істер министріне Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасарларын, Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылықтары әскерлерінің қолбасшылары мен олардың орынбасарларын, Ұлттық ұланның жоғары әскери оқу орнының бастығын, Ұлттық ұлан құрамаларының командирлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсыныстар енгізеді;

14) мемлекеттік органдарда және халықаралық ұйымдарда Ұлттық ұланның атынан өкілдік етеді;

15) полковник әскери атағын беру үшін офицерлерді Ішкі істер министріне ұсынады ;

16) әскери қызметшілерге жоғары әскери атақтар беру туралы Ішкі істер министріне қолдаухат береді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің әскери қызмет өткеру, әскери қызметшілерді ротациялау мәселелерін шешеді, лауазымдарға тағайындауды, лауазымдардан босатады , подполковникті қоса алғанға дейінгі және атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақтарды, оның ішінде мерзімінен бұрын береді, Ішкі істер министріне офицерлік құрамның әскери атақтарын төмендету жөнінде ұсынулар енгізеді, подполковникті қоса алғанға дейінгілерді запасқа немесе отставкаға шығарады;

18) Ішкі істер министріне Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің және азаматтық персонал адамдарының кандидатураларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынады;

19) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

9-бап. Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылық әскерлерінің қолбасшысы

Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылық әскерлерінің қолбасшысы:

1) өнірлік қолбасшылықтың әскерлеріне оларға жүктелген қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау бойынша, сондай-ақ оның құрамына кірмейтін, белгіленген тәртіппен жедел бағынысына, оның ішінде даярлау және міндеттерді орындау кезеңіне уақытша берілген құрамаларға, әскери бөлімдер мен бөлімшелерге басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) әскерлердің жедел және жауынгерлік даярлығына, жауынгерлік, тылдық және техникалық жағынан қамтамасыз етудің барлық түрлеріне, озық тәжірибелі енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық жасайды;

3) жауапкершілік аймағында төтенше жағдай енгізілген және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, өз өкілеттіктері шегінде өзіне бағынысты құрамалар мен әскери бөлімдердің құштері мен құралдарын тартуға шешімдер қабылдайды;

4) бүйрықтар мен өкімдер шығарады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның өнірлік қолбасшылығы құрамына кіретін құрамалар мен әскери бөлімдердің әскери қызметшілерінің әскери қызмет өткери және азаматтық персоналды қабылдау мәселелерін шешеді;

6) жоғары сержанттық құрамды қоспағанда, капитанды қоса алғанға дейін келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді лауазымдарға тағайындауды және лауазымдардан босатады, кезекті әскери атақтар береді, запасқа немесе отставкаға шығарады.

10-бап. Ұлттық ұланды тұрақты орналасқан пункттерінен тыс жерлерде міндеттерді орындауға тарту

1. Ұлттық ұланның құрамалары мен әскери бөлімдерін тұрақты орналасқан пункттерінен тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға немесе ішкі істер органдарына төтенше жағдайдың құқықтық режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету, терроризмге қарсы операцияға және төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жоюға қатысу үшін, сондай-ақ заңсыз қаруланған құралымдарға қарсы күресу, жанжал ауданын оқшаулау және онда бөгеттер қою, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасуши тараптарды ажырату, заңсыз қаруланған құралымдарды қарузыздандыру және жою, жанжал ауданындағы халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіптің қорғалуы мен қауіпсіздікті қүшету жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін тарту Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Ұлттық ұланның құрамалары мен әскери бөлімдерінің жеке құрамын тұрақты орналасқан пункттерінен тыс жерлерде осы бапта көрсетілген, оларға жүктелген міндеттерді орындауға тартудың ұзақтығы үш айдан аспауға тиіс.

3. Алып тасталды – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

4-тaraу. ҰЛТТЫҚ ҰЛАННЫҢ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

11-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) Ұлттық ұланның штат саны лимитін бекітеді;
- 2) Ұлттық ұланды материалдық-техникалық ресурстармен, азық-түлікпен, заттай мулікпен, қару-жаарақпен, оқ-дәрілермен, әскери және арнайы техникамен, байланыс құралдарымен және басқа да арнайы техникалық құралдармен жарақтандыруды қамтамасыз етеді;
- 3) Ұлттық ұланның бөлімдері күзетуге тиіс маңызды мемлекеттік объектілер мен коммуникациялардың, арнайы жүктөрдің тізбесін айқындайды;
- 4) жұмылдыруды жариялауға, төтенше және соғыс жағдайы режимдерінің енгізілуіне байланысты мемлекеттік органдарға, мекемелерге және ұйымдарға көлік құралдарын, байланыс құралдарын және өзге де материалдық-техникалық құралдарды дайындау және оларды Ұлттық ұланға беру жөніндегі тапсырмаларды белгілейді, сондай-ақ басқа да жұмылдыру тапсырмаларын белгілейді;
- 5) Ұлттық ұланның әскери бөлімдерін, оқу орталықтары мен басқа да объектілерін орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін жер участкерін береді;
- 6) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін, запастағы (отставкадағы) адамдарды және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік және құқықтық қорғау, материалдық және тұрмыстық қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады;
- 7) Ұлттық ұланның қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелерін шешеді;
- 8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

12-бап. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі:

- 1) Ұлттық ұланның қызметтік-жаянгерлік іс-қимылына жедел басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Ұлттық ұлан қызметінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Ұлттық ұланның құрылымын және орналасуын белгілейді;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Ұлттық ұланның жалпы санын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Ұлттық ұланның ұдайы жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін сақтау бойынша шаралар қабылдайды, оларды қызметтік-жауынгерлік қолдану жөніндегі құжаттарды бекітеді;

6) Ұлттық ұлан қатарына мерзімді әскери қызметшілер шақыруды және одан шығаруды ұйымдастыруға Ұлттық ұланның қатысусын қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы лауазымына тағайындауға, лауазымынан босатуға және Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне жоғары әскери атақтар беруге ұсыну енгізеді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін және азаматтық персоналын мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну енгізеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның әскери қызметшілері мен азаматтық персоналына тәртіптік жазалар қолданады;

10) Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасарларын, Ұлттық ұлан өнірлік қолбасшылықтары әскерлерінің қолбасшылары мен олардың орынбасарларын, Ұлттық ұланның жоғары әскери оқу орнының бастығын, Ұлттық ұлан құрамаларының командирлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады, Ұлттық ұланның офицерлерін қызметтен шығарады, офицерлік құрамның алғашқы әскери атағын және полковник әскери атағын береді;

11) мыналарды:

Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы туралы ережені;

Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының штатын, әскери қызметшілер жүктемесінің нормативтерін, штаттық нормативтерді, Ұлттық ұландағы лауазымдар номенклатурасын;

Ұлттық ұланның кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары әскери оқу орнина қабылдау қағидаларын;

Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын;

Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне сыныптық біліктілік беру, оны жоғарылату, растау, төмендету және сақтау тәртібін;

Ұлттық ұланның міндеттерін орындау жөніндегі нұсқаулығын;

Ұлттық ұланның әскери-дәрігерлік комиссиясы туралы ережені;

Ұлттық ұланда әскери қызмет өткеру нұсқаулығын;

Ұлттық ұланда әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу жөніндегі қағидаларды бекітеді

;

12) өзіне осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

13-бап. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін ведомстволық әскери оқу орындарында даярлауға жәрдемдеседі;

2) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Жергілікті атқарушы, өзге де мемлекеттік органдар және ұйымдар

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) өздеріне ведомстволық бағынысты аумақта Ұлттық ұланның әскери басқару органдарын, құрамаларын, әскери бөлімдері мен бөлімшелерін құру және орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсыныстарын қарауға өз құзыреті шегінде қатысады;

2) өздеріне ведомстволық бағынысты аумақта Ұлттық ұланның бөлімшелері төтенше жағдайларды жою жөніндегі міндеттерді орындаған кезде жеке құрамды орналастыру үшін өтеусіз түрде орындармен қамтамасыз етеді, азық-түлікпен, көліктік, медициналық, коммуналдық және өзге де қажетті көрсетілетін қызметтермен іркіліссіз қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұлан үшін тиісті тыныс-тіршілік жағдайларын жасайды, Ұлттық ұланның әскери қызметшілері мен қызметшілерінің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді, офицерлерге және әскери қызметті келісімшарт бойынша өткеріп жатқан әскери қызметшілерге тұрғын үй бөледі;

4) Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің қолбасшылығына Ұлттық ұланға әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруда жәрдем көрсетеді;

5) кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрімен келісу бойынша Ұлттық ұланның құрамалары мен әскери бөлімдерінің құштері мен құралдарын олардың тұрақты орналасқан жері бойынша табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарларын жою үшін тартады;

6) жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде жүзеге асырады.

2. Өзге де мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар және олардың лауазымды адамдары өз өкілеттіктері шегінде Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне олардың қызметтік міндеттерін орындаудың жәрдем көрсетеді, сондай-ақ төтенше жағдай, төтенше жағдайды енгізу ахуалында:

1) әуежайларда, әуеайлақтарда, қону алаңдарында Ұлттық ұланның әуе кемелеріне бірінші кезекте әуе кеңістігін пайдалану, қону, аялдау, ұшып шығу, навигациялық, метеорологиялық және ұшулады қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де ақпаратты алу құқығын өтеусіз береді;

2) Ұлттық ұланның әскери бөлімдері мен бөлімшелеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде оларды басқару үшін байланыс желілері мен арналарын өтеусіз береді;

3) Ұлттық ұланның әскери эшелондарын (көлігін) уақтылы жөнелту және өзі дербес жүретін әскери қызметшілерін уақтылы тасымалдау мақсатында Ұлттық ұланның арнайы тасымалдар органының өтінімдері бойынша бірінші кезектегі тәртіппен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша және қосымша төлемдер алмай, жылжымалы құрам, тасымалдау құралдары бірлігінің, жолаушылар поездарындағы орындардың (оның ішінде жоспардан тыс тасымалдауларды жүзеге асыру үшін) қажетті санын бөледі;

4) Ұлттық ұланның арнайы тасымалдар органдарына "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери эшелондардың (көліктің) және командалардың жөнелтілгені және қозғалысы туралы қажетті ақпарат береді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

15-бап. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары

Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысымен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның жедел мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдерінің, арнайы моторландырылған әскери бөлімдерінің күштері мен құралдарын көрсетілген құрамалар мен әскери бөлімдердің қызметтік мақсатын және жеке құрамның оқуына және демалуына жағдай жасауды ескере отырып, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің шекаралары шегінде қоғамдық тәртіпті сақтауға ішкі істер органдарымен бірлесіп қатысу үшін тартады;

2) құрамалар мен әскери бөлімдердің командирлерімен бірлесіп Ұлттық ұланның жедел мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері үшін олардың санына қарай қызметтік міндеттердің көлемін айқындайды;

3) Ұлттық ұланның жедел мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері командирлерінің қызметтік-жауынгерлік іс-қимыл нәтижелері туралы ақпаратын тыңдайды;

4) Ұлттық ұланның құрамалары мен әскери бөлімдерінің командирлеріне Ұлттық ұланның құрамалары мен әскери бөлімдерінің (бөлімшелерінің), оның ішінде Ұлттық ұланға жүктелген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының басқа да өнірлерінен келетіндердің қызмет етуі үшін тиісті жағдайлар жасауда, сондай-ақ Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін және олардың отбасы мүшелерін құқықтық қорғау кепілдіктерін сақтауда жәрдем көрсетеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

5-тарау. ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

16-бап. Ұлттық ұланның кадрлары

1. Ұлттық ұланның кадрлары әскери қызметшілерден және азаматтық персонал адамдарынан тұрады.

2. Ұлттық ұланда әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілердің әскери атақтары, айырым белгілері және олар үшін белгіленген киім нысаны болады. Оларға Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінде қызмет өткериу жағдайларын регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің күші және осы Занда көзделген ерекшеліктер мен толықтырулар ескерілген, Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларының талаптары қолданылады.

3. Ұлттық ұланның азаматтық персоналының еңбек қызметі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

17-бап. Ұлттық ұландағы әскери қызмет

1. Ұлттық ұлан "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ аумақтан тыс қағидат бойынша әскери қызметке шақыру арқылы жеке құраммен жасақталады.

2. Ұлттық ұланға әскери қызметке түрған азаматтар Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларында айқындалған тәртіппен әскери ант қабылдайды.

18-бап. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы

1. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері осы Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық актілерінде айқындалған, өздеріне жүктелген міндеттерді орындау

кезінде мемлекет қорғауында бола отырып билік өкілі болып табылады, заң бойынша өздерінің құзыретіне жататын шешімдерді дербес қабылдайды және оларды орындауды жүзеге асырады.

2. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің занды талаптары азаматтар мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндettі.

3. Осы Заңның талаптарын орындаумен, Ұлттық ұланның өздеріне жүктелген міндettтерін орындауына кедергі келтіру, әскери қызметшілердің абыройы мен қадір-қасиетіне тіл тигізу, әскери рәміздерді қорлау Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

4. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері өздеріне жүктелген міндettтерді орындау кезінде тікелей бастықтарына ғана бағынады.

19-бап. Ұлттық ұланның кадрларын даярлау және олардың кәсіби деңгейін арттыру

1. Ұлттық ұланға офицерлер даярлауды Қазақстан Республикасының жоғары оқу және әскери оқу орындары, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және келісімшарттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелде оқыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес шет мемлекеттердің жоғары оқу және әскери оқу орындары жүзеге асырады.

2. Сарбаздар мен сержанттарды даярлау және қайта даярлау Ұлттық ұланның және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының оқу әскери бөлімдерінде (орталықтарында), сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және келісімшарттарға сәйкес шет мемлекеттердің әскери оқу орындарында жүзеге асырылады.

3. Ұлттық ұланның офицерлік құрамының және сарбаздар мен сержанттар құрамдарының лауазымдарында келісімшарт бойынша қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілерінің кәсіби деңгейін арттыру Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне және келісімшарттарға сәйкес шет мемлекеттердің білім беру үйімдарында, оның ішінде әскери оқу орындарында жүзеге асырылады.

20-бап. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің әскери қызмет міндettтерін орындауы

1. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің лауазымдық және арнайы міндettтері және оларды орындау тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да заннамалық актілерінде, жалпы әскери жарғыларда және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінде айқындалады.

2. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің қарауыл, гарнizon, шекара бөлімшесі, әскери наряд құрамында, сондай-ақ Ұлттық ұланға жүктелген міндettтерді орындау үшін тартылатын әскери бөлімдер (бөлімшелер) құрамында әскери қызмет міндettтерін орындауы жауынгерлік кезекшілікті атқару болып табылады.

3. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің жауынгерлік кезекшілікті атқару тәртібі және шарттары, сондай-ақ олардың жауынгерлік кезекшілікті атқарғаны үшін төленетін

устемеақылардың (қосымша ақшалай төлемдердің) мөлшерлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің жауынгерлік кезекшілікті атқару ұзақтығы әскери қызметшінің қарауыл, гарнizon, шекара бөлімшесі, әскери наряд құрамында, сондай-ақ Ұлттық ұланға жүктелген міндептерді орындау үшін тартылатын әскери бөлімдер (бөлімшелер) құрамында нақты болған уақытымен айқындалады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

6-тарау. ҰЛТТЫҚ ҰЛАННЫҢ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУЫ

21-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери және арнайы техниканы қолдану шарттары мен шектері

1. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің өздеріне жүктелген міндептерді орындау кезінде қаруды, арнайы құралдарды алып жүргүре, сақтауға, әскери және арнайы техниканы сақтауға, егер өздеріне жүктелген міндептерді басқа тәсілдермен орындау мүмкін болмаса, оларды, сондай-ақ дене күшін қолдануға құқығы бар.

2. Дене күші, арнайы құралдар, қару, әскери және арнайы техника осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, қалыптасқан жағдай негізге алына отырып қолданылады.

3. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери және арнайы техниканы қолдануға байланысты әрекеттерге жарамдылығына және зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсете білуге арнайы даярлықтан, сондай-ақ кезең-кезеңмен тексеруден өтуге міндепті.

4. Ұлттық ұланның әскери қызметшісі дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери және арнайы техниканы қолдану кезінде:

1) дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери және арнайы техниканы қолдануды кешіктіру азаматтардың, әскери қызметшілердің немесе ішкі істер органдары қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін, өзге де ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін болатын немесе қалыптасқан жағдайда мұндай ескерту орынсыз немесе мүмкін емес болып табылған жағдайларды қоспағанда, дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери және арнайы техниканы қолдану ниеті туралы ескертуге, бұл ретте оларды қолдану көзделіп отырған адамдарға өзінің талаптарын орындау үшін жеткілікті уақыт беруге;

2) дене жарақатын алған адамдарға дәрігерге дейінгі көмек көрсетілуін қамтамасыз өтуге;

3) дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери және арнайы техниканы қолданудың салдарларынан жаракат алудың немесе қайтыс болудың барлық жағдайлары туралы кейіннен прокурорды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабардар ету үшін езінің тікелей командиріне (бастығына) деру баяндауға міндетті.

22-бап. Дене күшін қолдану

Егер қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесудің өзге де тәсілдері Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің өз қызметтік міндеттерін орындаудың қамтамасыз етпейтін болса, Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің өзін-өзі қорғау, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстап алу, Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің заңды талаптарына қарсылықты еңсеру үшін дене күшін, оның ішінде жауынгерлік құрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.

Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің осы Занда арнаулы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды, әскери және арнаулы техниканы қолдану рұқсат етілген барлық жағдайда дене күшін қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

23-бап. Арнайы құралдарды қолдану

1. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің:

1) жеке тұлғаларға жасалған шабуылды тойтару;

2) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметтік міндеттерін немесе азаматтық борышын атқарып жүрген өзге де адамдардың заңды талаптарына бағынбаушылықтың немесе қарсылық көрсетудің жолын кесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау кезінде қолға түскен, жасырынуға немесе қарсылық көрсетуге әрекет жасаған адамдарды ұстап алу;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамдарды ұстап алу;

5) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген (айып тағылған) адамдарды, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың, олардың аумағындағы азаматтардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап алу және аумақтық ішкі істер органдарына жеткізу, сондай-ақ бағынбаған немесе қарсылық көрсеткен, сондай-ақ қашып кетуі, айналасындағыларға және өзіне зиян келтіру мүмкін немесе Ұлттық ұланның әскери қызметшісіне қарсылық көрсетеді деп пайымдауға негіз болса, сотталғандарды, күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып журу және күзету;

6) әскери қалашықтарға, уақытша орналасу пункттеріне, әскери эшелондарға (көлікке) және көлік колонналарына, Ұлттық ұлан қүзететін объектілерге жасалған шабуылдарды тойтарту;

7) кепілге алынған адамдарды, басып алынған ғимараттарды, үй-жайларды, құрылыштарды, көлік құралдарын және жергілікті жердің участелерін босату;

8) меншік нысанына қарамастан көлік құралдарының, байланыс құралдарының, ұйымдардың жұмысын бұзатын, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жұмысына іріткі салатын жаппай тәртіпсіздіктер мен әрекеттердің жолын кесу;

9) жүргізушилдері полиция қызметкерлерінің немесе Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің тоқтау туралы занды талаптарын орындаған көлік құралдарын тоқтату;

10) Ұлттық ұлан әскерлері қүзететін объектілерді, құрылышжайларды қорғау, құқыққа қарсы әрекеттер жасайтын топтардың қозғалысын бұғаттау;

11) әскери бөлімдер, мемлекеттік қүзетуге жататын объектілер аумағының үстінен, сондай-ақ Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің міндеттерді орындау аудандарында пилотсыз әуе кемелерінің әуе кеңістігін бұзуының жолын кесу үшін арнаулы құралдарды қолдануға құқығы бар.

2. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қолданатын арнаулы құралдар ретінде:

1) осы баптың 1-тармағының 1) – 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда – арнаулы таяқтар;

2) осы баптың 1-тармағының 1) – 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда – көзден жас ағызатын (тітіркендіретін) әсері бар құралдар;

3) осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4) 5) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қол кісендері қолданылуы мүмкін. Қол кісендері болмаған кезде әскери қызметшілер байлау үшін қолда бар құралдарды пайдалануға құқылы;

4) осы баптың 1-тармағының 1), 4), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда – назар аударту әсері бар жарық-дыбыс құралдары;

5) осы баптың 1-тармағының 4), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тосқауылдарды бұзу құралдары;

6) осы баптың 1-тармағының 6), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда – көлікті мәжбүрлеп тоқтату құралдары;

7) осы баптың 1-тармағының 6), 8) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда – Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қүзететін объектілерді (аумақтарды) қорғау, құқыққа қарсы әрекеттер жасайтын топтардың қозғалысын бұғаттау құралдары;

8) осы баптың 1-тармағының 6), 7), 8) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда – жарық және акустикалық арнаулы құралдар;

9) осы баптың 1-тармағының 6), 8) және 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда – пилотсыз әуе кемелеріне қарсы іс-қимылдың арнаулы техникалық құралдары қолданылуы мүмкін.

2-1. Қызметтік иттер осы баптың 1-тармағының 1) – 10) тармақшаларында көзделген жағдайда қолданылады.

3. Арнаулы құралдардың барлық түрі және қызметтік иттер осы Заңының 24-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда да қолданылуы мүмкін.

4. Арнайы құралдың түрі, оны қолдануды бастау уақыты және қарқыны қалыптасқан жағдайды, құқық бұзушылықтың сипатын және құқық бұзушының жеке басын ескере отырып айқындалады.

5. Жүктілік белгілері көрініп тұрған әйелдер, анық мүгедектік белгілері бар адамдар және жас балалар топтасқан немесе өзге де шабуыл жасаған, қарсылық көрсеткен, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты арнайы құралдарды және қызметтік иттерді қолдануға тыыйым салынады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

24-бап. Қару қолдану

1. Үлттық ұланның әскери қызметшілерінің:

1) жеке тұлғаларды олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан қорғау;

2) судьяларға, әскери қызметшілерге, ішкі істер, сот және прокуратура органдарының қызметкерлеріне жасалған, олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылды тойтарту, сондай-ақ олардың қаруын және әскери техниканы иелену әрекетінің жолын кесу;

3) әлеуметтік сипаттағы, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі, тергеу изоляторларындағы, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету кезіндегі төтенше жағдайды тоқтату үшін;

4) кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетіletіn объектілер мен коммуникацияларды, арнайы жүктөрді, әскери техниканы босату;

5) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына не меншікке қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау кезінде қолға түскен, жасырынуға әрекет жасаған, сондай-ақ қарулы қарсылық көрсеткен адамдарды ұстап алу;

6) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған адамдардың; бас бостандығынан айыруға сottalғандардың күзетпен ұстаудан қашуының жолын кесу, сондай-ақ оларды күшпен босату әрекеттерінің жолын кесу;

7) егер жүргізушісі өз әрекеттерімен жеке тұлғалардың немесе Ұлттық ұланның жеке құрамының өміріне немесе денсаулығына қатер төндірсе не ішкі істер органдары қызметкерлерінің немесе Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің заңды талаптарына қарамастан, тоқтаудан бас тартса, сондай-ақ егер сottalған адам қолік құралын қашу үшін пайдаланса, қолік құралын зақымдау арқылы тоқтату;

8) жеке тұлғаларға немесе Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне қары қару пайдаланған немесе қолданған жаппай тәртіпсіздікке қатысуышыларды бейтараптандыру;

9) әскери қалашықтарға, уақытша орналасу пункттеріне, әскери эшелондарға (қолікке), қолік колонналарына, құзетілетін объектілерге және коммуникацияларға, арнайы жүктеге, құзетшілерге, қарауылдың (әскери нарядтың) басқа да адамдарына немесе қарауылдың үй-жайына, жеке тұлғалардың тұрғынжайларына, мемлекеттік билік органдары, меншік нысанына қарамастан ұйымдар орналасқан үй-жайларға топтасқан немесе қарулы (оның ішінде қолік құралдары пайдаланылатын) шабуылды тойтарату;

10) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы қарулы жанжалдарды және басқа да арандатушылықтарды тоқтату;

11) Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің құқыққа қары әрекеттерді тоқтату және осы адамдардың қолындағы қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, жарылатын құрылғыларды немесе оларды имитациялайтын құрылғыларды, арнайы жасалған техникалық құралдарды, оңай тұтанатын және жанатын сұйықтықтарды, улы және радиоактивті заттарды, арнайы құралдарды және әскери техниканы немесе қолданылуы жеке тұлғалардың немесе Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің өміріне немесе денсаулығына қатер төндіруі мүмкін, дene жарақатын салу үшін арнайы бейімделген басқа да нәрселерді тапсыру туралы заңды талаптарын орындаудан бас тартқан қарулы адамдардың қарсылығын басу;

12) жеке тұлғаларды қару қолдану ниеті туралы ескерту, дабыл сигналын беру және көмекке шақыру;

13) жеке тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төндіретін жануарды залалсыздандыру;

14) адамдардың құзетілетін объектілердің, бекеттердің және басқа да жауынгерлік қызмет атқару орындарының аумақтарына құқыққа қары тәсілмен кіру немесе олардан шығып кету әрекеттерінің жолын өзге тәсілдермен кесу мүмкін болмаса, бұл әрекеттердің жолын кесу;

15) әскери бөлімдер, мемлекеттік құзетуге жататын объектілер аумағының үстінен, сондай-ақ Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің міндеттерді орындау аудандарында, егер олардың әуе кеңістігінде болуын өзге құралдармен тоқтату мүмкін болмаса, пилотсыз әуе кемелерінің әуе кеңістігін бұзының жолын кесу үшін қару қолдануға құқығы бар.

2. Қаруды, жарылғыш заттарды, жарылатын құрылғыларды немесе оларды имитациялайтын құрылғыларды, арнайы жасалған техникалық құралдарды, оңай тұтанатын және жанатын сұйықтықтарды, улы және радиоактивті заттарды, әскери және арнайы техниканы, көлік құралдарын, ұшу аппараттарын, теңіз немесе өзен кемелерін пайдалана отырып жасалған шабуылды тойтару кезінде, қүзетпен ұстаудан қарумен не көлік құралдарымен, ұшу аппараттарымен, теңіз немесе өзен кемелерімен қашқан кезде, сottalған адам (қүзетпен қамауға алынған адамдар) тұнгі мезгілде немесе көрінуі шектеулі болған жағдайда қүзетпен ұстаудан қашқан, жүріп келе жатқан көлік құралдарынан, теңіз немесе өзен кемелерінен қашқан кезде, топтасқан немесе өзге де қарулы шабуыл жасалған, қарулы қарсылық көрсетілген кезде, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген кезде қару ескертусіз қолданылады

3. Әйелдер, анық мүгедектік белгілері бар адамдар және жас балалар топтасып немесе өзге де қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

25-бап. Әскери және арнайы техниканы қолдану

1. Ұлттық ұлан қаруланған әскери және арнайы техника:

1) кепілге алынған адамдарды, басып алынған қүзетілетін объектілер мен коммуникацияларды, арнайы жүктөрді және әскери мүлікті босату;

2) өзге тәсілмен жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдың жолын кесу мүмкін болмаған жағдайда, бұл әрекеттен оларды қорғау;

3) Ұлттық ұланға жүктелген міндеттерді орындау кезінде, егер жүргізуші ішкі істер органдары қызметкерлерінің немесе Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің заңды талаптарына қарамастан тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату;

4) әскери қалашықтарға, уақытша орналасу пункттеріне, әскери эшелондарға (көлікке), көлік колонналарына, қүзетілетін объектілер мен коммуникацияларға, арнайы жүктөрге, жеке тұлғалардың тұрғынжайларына, мемлекеттік билік органдары, меншік нысанына қарамастан ұйымдар орналасқан үй-жайларға топтасқан немесе қарулы (оның ішінде көлік құралдары пайдаланылатын) шабуылдарды тойтару;

5) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтату және осы адамдардың қолындағы қаруды және әскери техниканы тапсыру туралы заңды талаптарын орындаудан бас тартқан қарулы адамдардың қарсылығын басу;

6) әскери бөлімдер, мемлекеттік қүзетуге жататын объектілер аумағының үстінен, сондай-ақ Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің міндеттерді орындау аудандарында,

егер олардың әуе кеңістігінде болуын өзге құралдармен тоқтату мүмкін болмаса, пилотсыз әуе кемелерінің әуе кеңістігін бұзының жолын кесу үшін қолданылады.

2. Осы Заңның 23-бабы 1-тармағының 4), 5) 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда, әскери бөлім (бөлімше) командирінің немесе оның орынбасарының нұсқауы бойынша әскери және арнаулы техника қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерінің жеке қауіпсіздігінің кепілдіктері

1. Ұлттық ұлан әскери қызметшісінің осы Заңның 24-бабында көзделген жағдайларда ғана қаруын шығаруға және оны әзірлікке келтіруге құқығы бар.

2. Адамның қарумен не дene жарақатын салуға болатын нәрселермен Ұлттық ұланның әскери қызметшісі көрсеткен қашықтықтан жақындауға, сондай-ақ әскери қызметшінің қаруын иеленуге ұмтылудан көрінетін әрекеттер жасауы әскери қызметшіге осы Заңның 24-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қару қолдану құқығын береді.

3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін тартылатын Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің негізделген кәсіби тәуекелге құқығы бар. Негізделген кәсіби тәуекел кезінде олардың зиян келтіруі құқық бұзушылық болып табылмайды.

Егер әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және (немесе) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін тартылатын Ұлттық ұланның әскери қызметшісі жасаған іс-әрекет қалыптасқан жағдайдан объективті түрде туындаса және қойылған мақсатқа тәуекелмен байланысты емес әрекеттер арқылы қол жеткізу мүмкін болмаса, бұл ретте төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін тартылатын Ұлттық ұланның әскери қызметшісі зиян келтіруді болдырмау үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолданса, кәсіби тәуекел негізді болып танылады.

4. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету үшін тартылатын Ұлттық ұланның әскери қызметшілері, егер:

1) олар қажетті қорғаныс шегінен немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен аспаса;

2) олардың көрінеу заңсыз бүйректарды немесе өкімдерді орындау үшін қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауын қоспағанда, олар белгіленген тәртіппен берілген, өздері үшін міндетті бүйректы немесе өкімді орындау үшін әрекет етсе;

3) олар негізделген кәсіби тәуекел немесе аса қажеттілік жағдайында әрекет етсе, осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда дene күшін,

арнайы құралдарды, әскери және арнайы техниканы қолдануға, қаруды қолдануға (пайдалануға) байланысты келтірілген зиян үшін жауаптылықта болмайды.

5. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің, олардың отбасы мүшелерінің жеке қауіпсіздігі мүддесінде көвшілік алдында сөз сөйлеуде, бұқаралық ақпарат қуралдарында Ұлттық ұланның құрамалары мен әскери бөлімдерінің орналасқан жері немесе көшірілген жері туралы мәліметтерді таратуға жол берілмейді, сондай-ақ қарулы қылмыскерлер, заңсыз қаруланған құралымдар және өзге де ұйымдасқан қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) әрекетінің жолын кесуге қатысқан Ұлттық ұланның әскери қызметшілері туралы мәліметтердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері туралы мәліметтердің құпиялышы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 22.12.2016 № 28-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-тaraу. ҰЛТТЫҚ ҰЛАН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ, ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРІ

27-бап. Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері

1. Ұлттық ұланда әскери қызмет атқарудың осы Заңда белгіленген ерекше сипаты және әскери қызметшілердің жауапкершілігі "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін қосымша әлеуметтік құқықтармен және женілдіктермен өтеледі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің туберкулезге қарсы мекемелерінде қызмет атқаратын әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында медицина қызметкерлерінің осы санаты үшін белгіленген женілдіктер қолданылады.

3. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін осы Заңның 10-бабына сәйкес тұрақты орналасқан пунктінен тыс жерде міндеттерді орындауға тарту кезеңінде еңбек сінірген жылына есептелеңін әскери қызмет мерзімінің бір күні үш күн есебіне саналады және үш есelenген мөлшерде ақшалай қамтылым төленеді.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің, олардың отбасы мүшелерінің тұрғынжай құқықтары

1. Тұрғын үйге мүктаж әскери қызметшілерді және олармен бірге тұрақты тұратын олардың отбасы мүшелерін тұрғынжаймен қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғынжайды жалдағаны (жалға алғаны) үшін өтемақы төлеу "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2. Ұлттық ұланның әскери қызметшісі қызметтік іс-қимылды жүзеге асыруға байланысты қаза тапқан жағдайда қаза тапқан әскери қызметші отбасының есепке қою кезіндегі негіздер бойынша тұрғын алаң алу құқығы сақталады, тұрғын алаң әскери қызметші қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей беріледі. Асыраушысынан айырылған әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұруға жарамды басқа тұрғын үй-жай өтеусіз берілмейінше, олар тұрып жатқан тұрғын үй-жайларынан шығарылмайды.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

29-бап. Ұлттық ұланды қаржыландыру

Ұлттық ұланды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

30-бап. Ұлттық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Ұлттық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі бекітеді.

Ұлттық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Ұлттық ұлан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары үшін белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша қару-жарақпен, авиациялық, автомобильдік, броньды танктық және басқа да әскери техникамен және материалдық құралдармен қамтамасыз етіледі.

3. Маңызды мемлекеттік объектілер мен коммуникацияларды, арнайы жүктерді, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің объектілерін күзету жөніндегі міндеттерді орындастырып әскери бөлімдерге (бөлімшелерге) жеке құрамды, қару-жарақты, техника мен әскери-техникалық мүлікті, сондай-ақ басқару органдарын орналастыру үшін әскери қалашықтарды, ғимараттар мен құрылыштарды объектілерін Ұлттық ұлан күзеттін министрліктер, ведомстволар (мекемелер) бөледі немесе салады.

4. Төтенше жағдай режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін енгізу ахуалында, бұқаралық қоғамдық-саяси іс-шаралар өткізу кезінде тұрақты орналасқан пунктінен тыс жерде қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға тартылатын Ұлттық ұланның бөлімшелері бюджет қаражаты есебінен жайластыруға арналған тұрғын үй-жайлармен, көрсетілетін коммуналдық қызметтермен, байланыс желілерімен және арналарымен, көлік құралдарымен және жанар-жағармай материалдарымен, қосымша тамактанумен қамтамасыз етіледі.

5. Ұлттық ұлан мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындастырын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

31-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Занд алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 2, 8-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК